

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ



СӨЖ

*Жүрек- қан тамыр жүйесінің патологиясы кезінде
фитопрепараттардың қолдану көрсеткіштері*

Орындаған: Жунисов А

Топ: 21-1

Факультет: Ж.М.

Тексерген:



Жоспар




- I. Кіріспе.
- II. Негізгі бөлім.
 - 1. Ал-қызыл оймақгүл
 - 2. Түкті оймақгүл
 - 3. Строфант препараты
 - 4. Меруертгүл
 - 5. Жанаргүл
- III. Қорытынды
- IV. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.




«ЖҮРЕК» ДЕГЕН ЖҰДЫРЫҚТАЙ КЕСЕК ЕТ,
СҮЙГЕН, КҮЙГЕН СЕЗІМ-ҚАНЫП ЕСЕЛЕП,
ЖИНАЙ БЕРСЕ, ТАЛАЙ ТЕҢІЗ ЖАСАЛЫП,
ТАЛАЙ КЕМЕ АЙДЫНДАРЫН КЕШЕР ЕД.

СӘБИТ МҰҚАНОВ

KAZ Med Life



Кіріспе



Жүрек гликозидтері – бұл өсімдік тектес айқын кардиотоникалық әсер көрсететін және әртүрлі этиологиялы миокард дистрофиясына байланысты жүрек жетіспеушіліктерін емдеуде қолданылатын дәрілік заттар. Олар жүректің көбіне үнемделген және сонымен бірге тиімді қызметін қамтамасыз ете отырып, миокардтың жұмыс істеу қабілетін жоғарылатады.

Жүрек гликозидтері (ЖГ) – кардиотоникалық әсері бар миокард дистрофиясына байланысты жүрек жетіспеушілігін емдеуде қолданатын өсімдік тектес азотсыз қосылыстар.

ЖГ бірнеше оймақ гүлдердердің (түкті, алқызыл, тотық түсті), меруертгүлдің, жанаргүлдің, строфантиннің, теңіз пиазының, олеандрдың, басқа өсімдіктердің құрамында болады

- Физикалық- химиялық ерекшеліктеріне байланысты жүрек гликозидтері 2-ге бөлінеді.
- 1. Полярлы (Строфантин)
- 2. полярсыз (Дигитоксин)





Негізгі бөлім



- Медицина практикасында, келесі өсімдіктерден алынатын жүрек гликозидтерінің препараттарын кеңінен қолданылады:
- Ал-қызыл оймақгүл (*Digitalis purpurea*)—дигитоксин
- Түсті оймақгүл (*Digitalis lanata*)- дигоксин, целанид (лантозид С, ид)
- Строфант Комбе (*Strophantus Kombe*)– Строфантин К
- Меруертгүл (*Convallaria*)– коргликон
- Жанаргүл (*Adonis vernalis*)– жанаргүл шөбінің тұндырмасы





Жүрек-тамыр жүйесінің патологиясы кезінде фитопрепараттардың әсер ету спектрі



ЖГ оң инотропты әсер – систолалық жирылу күшейеді, амплитудасы қысқа және қуатты болады.
Теріс хронотропты әсер – брадикардия яғни ырғағы баяулайды.

Теріс дромотропты әсер – атриовентрику-лярлы және синатриалды түйіндерден қозу өтуінің тежелуі, ол кезбе нерв орталығы қозуына байланысты болады.
Оң батмотропты әсер – препарат уытты мөлшерде



Жүрек-тамыр жүйесінің патологиясы кезінде фитопрепараттардың әсер ету спектрі



Жүректің минуттық көлемі жоғарылауы
Үлкен қан айналым шеңберінің веноздық бөлімінде
жеңілдеуі және оның қысымы төмендеуі. Ол жүрекке
қанның ағып келуін (жүрекке дейінгі жүктемені)
азайтады.

Бүйректе қан айналым жақсарып, фильтрация
күшейеді, диурез жоғарылайды.

Үлкен қан айналым шеңберінде венада қанның іркілуі
жойлуына және гидростати-калық қысым төмендеуіне
байланысты ісінулер азаяды.



Жүрек-тамыр жүйесінің патологиясы кезінде фитопрепараттардың әсер ету спектрі



Жүрек гликозиттерін негізінен жедел және созымалы жүрек жетіспеушілігінде қолданады. Жүрек жетіспеушілігінде латенттік кезеңі қысқа жүрек гликозидтерін (строфрантин, коргликон) енгізіледі. Кейде жүрек гликозинттерін (негізінен оймақгүл препараттарын) жүрек аритмияларында (жыпылық аритмиясында, пароксизмалдық жүрекшелік және түйіндік тахикардияда) тағайындайды.

Жүрек гликозиттерін жиірек ішке(оймақгүл, жанаргүл препараттарын) және көк тамырға (строфантин, дигоксин, целанид, коргликон), кейде бұлшық етке және тік ішіекке енгізеді. Тері астына енгізген дұрыс емес, өйткені олар жағымсыз реакциялардың себептері болуы мүмкін- енгізген жерді тітіркендіру, ауыру сезімдері, абсцестер.



Ал-қызыл оймақгүл (*Digitalis purpurea*)



- Ал-қызыл оймақгүл (*Digitalis purpurea*)— дигитоксин Scrophulariaceae тұқымдастығына ататын 2 жылдық шөптесін өсімдік. Шығу тегі— **Батыс Европа**. Дәрілік препарат ретінде өсы өсімдіктің кептірілген жапырағынан жасалылынады.



Digitalis purpurea





ДИГИТОКСИН



- Ал-қызыл оймақгүлдің белсенді гликозиді.
- Оймақгүлдің әр түрінен алынады.
- Кардиотникалық, аритмиялық әсер етеді.
- Биожеткілігі 100
- Тұну жылдамдығы 6-7 күн
- Әсер ету уақыты 2-4 сағат кейін
- Мах концентрациясы 8-14 сағат

Жүрек жеткіліксіздігінің созылмалы түрінде, жыпылық аритмиясында, пароксизмалдық жүрекшілік тахикардия, пароксизмалық түйінді тахикардит

- Жанама әсерлері: Құсу, лоқсу, бұлшық ет әлсіздігі, шаршау, көрудің бұзылыстары, бас ауруы, психикалық бұзылыстар (қозу, галлюцинация), аллергиялық бұзылыстар
- Қарсы көрсеткіштері: толық емес жүрекше- қарыншалық тосқауыл, айқын брадикардия, жедел инфаркт
- Шығарылу түрі: таблетка 0,1 мг, суппозиторий 0,15 мг



Түкті оймақгүл (*Digitalis lanata*)



- Scrophulariaceae тұқымдастығына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік. Шығу тегі– Балқан түбегі. Осы шөптің құрамына кіретін гликозидті компонент дигиланид (ланатозид) А, В, С



Түкті оймақгүл (*Digitalis lanata*)





Дигоксин (Digoxinum)




- Түкті оймақгүл өсімдігінің жапырағынан алынады.
- Ақ кристалды ұнтақ, суда ерімейді, аздап спиртте ериді.
- Кардиотинкаалық белсенділігі жоғары
- Биожеткілігі 65-80
- Тұну жылдамдығы 34-51 сағат 1-2 сағаттан кейін әсер етеді. (таблетка түрінде); 20-30 мин кейін (көктамырға)
- Қолданылуы; Созылмалы қан айналым жеткіліксіздігі I, II А, II В түрлері; тахикаррдия, жыпылық аритмия
- Жанама әсерлері: құсу, лоқсу, диарея (іш өту), тәбеттің төмендеуі, ұйқы бұзылысы, депрессия, бас ауруы, көру бұзылыстары, тынымсыздық
- Жанама әсерлері: Құсу, лоқсу, бұлшық ет әлсіздігі, шаршау, көрудің ббұзылыстары, бас ауруы, психикалық бұзылыстар (қозу, галлюцинация), аллергиялық бұзылыстар
- Шығару түрі: таблетка 0,065мг; ампула 0,025мг



Целанид (Celanidum)



- Түкті оймақгүл өсімдігінің жапырағынан алынады.
- Түссіз немесе ақ кристалды ұнтақ, иіссіз
- Күшті брадикардиялық әсеркөрсетеді.
- Биожеткілігі 65-70
- Тұну жылдамдығы 1-2 күн
- Қолданылуы: жедел, созылмалы қан айналым жеткіліксіздігі II-III дәрежесі, тахикардия, жыпылық аритмия
- Жанама әсерлері: Құсу, лоқсу, бұлшық ет әлсіздігі, шаршау, көрудің бұзылыстары, бас ауруы, психикалық бұзылыстар (қозу, галлюцинация), аллергиялық бұзылыстар
- Қарсы көрсеткіштері: толық емес жүрекше-қарыншалық тосқауыл, айқын брадикардия, жедел инфаркт
- Шығарылу түрі: флакон 10 мл; таблетка 0,25 мг; ампула 1 мл





Строфант препараттары



- Көп жылдық тропикалық (лиан) өсімдігінің пісіп- жетілген тұқымдастығынан алынады.
- Түрлері:
- *Strophantus gratus*– тегіс строфант
- *Strophantus Kombe oliver*– Комбе
- *Arosynasea*– кутр тұқымдастығы





Строфантин К



- Строфант Комбе өсімдігінің тұқымдастығынан алынады.
- Ақ, ақшыл-сары түсті кристалды ұнтақ.
- Су мен спирте нашар ериді.
- Жүрек гликозидінің негізгі полярлы түрі, тиімділігі жоғары
- Айқын систолалық әсер көрсетеді.
- Тұну жылдамдығы 2-3 күн
- Әсер ету уақыты 5-10 минут
- Қолданылуы: Жеңіл жүрек жеткіліксіздігі созылмалы қан айналым жеткіліксіздігінің ауыр түрлері (II, III дәрежесі)
- Жанама әсерлері; құсу, лоқсу, бас айналу, экстрасистолия, ритм диссоциациясы, бигемия
- Қарсы көрсетілім: жедел миокардит, эндокардит, айқын кардиосклероз және тағы басқалары.
- Шығарылу түрі: Ампула 1мл-0,25





Меруертгүл (Convallariae)



- Өсімдіктің барлық түрінен алынады (Herba, Folia, Flores)
- Осы шөптегі гликозидтердің құрамына кіретін конваллиятоксин, конваллязид
- Химиялық құрылысы жағынан ал-қызыл оймақгүл тұқымдастығына жақын
- Негізгі айырмашылығы: Тұрақтылығы аз, кумуляция эффект жоқ, энтеральды енгізгенде әсері әлсіз, парентеральды енгізгенде тез және күшті жүрек жұмысына әсер етеді.



Меруертгүл (Convallariae)



Med Life



KAZ Med Life



Коргликон (Corgliconum)



Меруертгүлдің жапырағынан жасалынады.

Әсер ету строфант тобының препараттарына жақын, бірақ организмде инактивация жай жүреді. Сондықтан ұзақ әсер етеді. Мөлдір, түссіз, ащы дәмі бар, консервант иісті сұйықтық. Көктамырға енгізеді, енгізу ерекшелігі инъекция баяу жасалынады. (5-6 мин)

Ересек 0,5-1; бала 0,2-0,5

-Қолданылуы: Жедел және созылмалы қан айналым жеткіліксіздігі (II,III дәрежесі)

жүрек декомпенсациясында, парксизалды тахикардия ұстамаларында

-Жанама әсерлеі: Құсу, лоқсу, бас айналу

-Қарсы көрсетілімі: Жедел миокардит, эндокардит, айқын кардиосклероз

-Шығару түрі: ампула 1мл-0,065

KAZ Med Life





Жанаргүл (*Adonis vernalis*)



- Капunculасae тұқымдатығына жататын көп жылдық жабайы шөптесін өсімдігінің тұқымынан әзірленеді. Осы шөптегі гликозидтердің құрамына кіретін циморин мен адонитоксин
- Әсер ету тұрақтылығы— ал-қызылгүл тұқымдастығына жақын, бірақ систолалық
- Негізгі айырмашылығы: диастолаға әсері аз. Кезбе нерв тонусына әлсіз әсер етеді.



Жанаргүл (*Adonis vernalis*)






Адонозид (Adonisidum)



- Көктемгі Жанаргүл шөбінен жасалатын жаңа галенді препарат
- Мөлдір, сарғыштау түсті, өзіндік иісі мен ащы дәмі бар сұйықтық
- Айқын систолалы әсер етеді.
- Қолданылуы: созылмалы қан айналым жеткіліксіздігі (жесі), вегетативті неврозда
- Жанама әсерлері: диспепсиялық бұзылыстар, тәбеттің төмендеуі, бас айналу, іш өту
- Қарсы көрсетілімдері: толық ес жүрекше-қарышалық тосқауыл, айқын брадикардия
- Шығару түрі: флакондағы ерітінді





Фитопрепараттардың синтетикалық препараттардан айырмашылығы



- Жүрек-тамыр жүйесінің патологиясы кезінде әсер ететін фитопрепараттардың синтетикалық препараттардан айырмашылығы:
- Биожеткілігі жоғары.
- Әсер еу спектрі тар
- Әсер ету уақыты тез
- Ағзадан шығару жылдамдығы жоғары
- Жанама әсерлері көбірек
- Қарсы көрсетілімдері көп





Қорытынды



Жүрек-тамыр жүйесінің патологиясы кезінде фитопрепараттардың қолдануында жүрек гликозидтерінің маңызы зор болып табылады. Алайда жүрек гликозидтері фитопрепараттарын сақтықпен қолданған жөн. Уытты құбылыстары жүрек гликозидтерін артық мөлшерде енгізуге байланысты болады. Уланудан жиі өлудің себебі – қарыншаның жыпылықтауы болып табылады.

Аритмия кезінде аритмияға қарсы әсер көрсететін дифенин, лидокаин, амиодарон қолданылады. Жүрек-қарыншалық тосқауыл кезінде жүрекке кезбе жүкенің әсерін тоқтату үшін атропин тағайындайды. Басқа жүйе жағынан көрудің нашарлауы, бұлшық еттің әлсіздігі, диспепсиялық құбылыстар байқалады, психикалық бұзылыстар, бастың ауыруы, тері бөрітпелері болуы мүмкін.



Жүрек гликозидтері кальций ионының қатысуы үлкен орын алатындығын ескеріп, кальций иондарын байланыстыратын және қан сарысуында олардың мөлшерін төмендететін препараттарды қолдану ұсынылады. Этелиндаминтетрасірке қышқылының динатрий тұзы сондай-ақ цитраттардың осындай қасиеттері бар. ЭДТА динатрий тұзын жүрек гликозидімен улануда дамыған аритмияда көктамырға енгізеді.



KAZ Med Life



Қолданылған әдебиеттер:



- Фармакология. Харкевич Д.А. Мемлекеттік тілдегі аудармасы. Алматы 2004.
- Машковский М.Д. Лекарственные средства. Издание пятнадцатое. - М.: Новая волна, 2007.
- Лоуренс Д.Р., Бенетт П.Н. Клиническая фармакология. – М.: Медицина, 2002.
- Әділман Нұрмұхамбетұлы «Патофизиология» Алматы 2007.
- Клиническая фармакология и фармакотерапия. Под редакцией акад. РАМВ Кукес В.Г. и проф. Стародубцев А.К.- М.: Издательский дом ГЭОТАР – МЕД., 2004. – 631б.